



Басты бет / Заңнама / Заңнама

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 2015 жылғы
31 шілдедегі № 341-V ҚРЗ

← Қайта оралу

1-бап. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының [Конституциялық заңына](#) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 23, 410-құжат; 2006 ж., № 23, 136-құжат; 2008 ж., № 20, 77-құжат; 2010 ж., № 24, 147-құжат; 2012 ж., № 5, 38-құжат; 2014 ж., № 16, 89-құжат; № 21, 119-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) [35-бап](#) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Отставка тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған жағдайлардан басқа кезде, кемінде он бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) белгіленген зейнеткерлік жасқа толған отставкадағы, оның ішінде 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін отставкаға шыққан судьяға судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысының елу пайызы мөлшерінде салық салынбайтын өмір бойғы ай сайынғы қамтылым төленеді.

Жиырма жылдан асатын судьялық жұмыс өтілінің әрбір жылы үшін, ал 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін отставкаға шыққан судьяларға – он бес жылдан асатын судьялық жұмыс өтілінің әрбір жылы үшін отставкадағы судьяның өмір бойғы ай сайынғы қамтылымының мөлшері судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысының бір пайызына ұлғайтылады.

Отставкадағы судьяның өмір бойғы ай сайынғы қамтылымының ең жоғары мөлшері судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысының алпыс бес пайызынан және тиісті қаржы жылына арналған республикалық

бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз тоғыз еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Отставкадағы судьяға өмір бойғы ай сайынғы қамтылымның мөлшері көрсетілген қамтылымды төлеуге өтініш берілген күнге қолданыста болатын, судьялар үшін еңбекке ақы төлеу жүйесіне сәйкес соңғы атқарған лауазымы бойынша есептеледі.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен судьялардың еңбегіне ақы төлеу мөлшері арттырылған кезде тиісінше өмір бойғы ай сайынғы қамтылымды қайта есептеу жүргізіледі.

Отставкадағы судьяға өмір бойғы ай сайынғы қамтылым төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Отставкадағы судьяның өз жеке зейнетақы шотында қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.»;

2) 35-1-баптың [2-тармағы](#) мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Судья теріс себептер бойынша лауазымынан босатылған кезде 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған қосымша міндетті зейнетақы жарналары республикалық бюджетке алынады.».

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.12.2015 [№ 437-V](#) Конституциялық заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Осы Конституциялық заң 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті* *Н.Назарбаев*

Актіні қабылдау күні

[31.07.2015](#)

Актіні өзгерту күні

[01.01.2016](#)

Актіні ресми түрде жариялау туралы ақпарат

["Егемен Қазақстан" 20.08.2015 ж., № 158 \(28636\);](#)
["Казахстанская правда" от 20.08.2015 г., № 158 \(28034\);](#)
[Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж.,](#)
[№ 15, 78-құжат](#)

НҚА нормашығармашылық орган берген тіркеу нөмірі

["Егемен Қазақстан" 20.08.2015 ж., № 158 \(28636\);](#)
["Казахстанская правда" от 20.08.2015 г., № 158 \(28034\);](#)
[Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж.,](#)
[№ 15, 78-құжат](#)

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізіміндегі актінің тіркеу нөмірі

[92776](#)

Әділет органдарында НҚА мемлекеттік тіркеу нөмірі

[n.11](#)